

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 1-беті
---	---------------------------------	--



Академиялық кеңестің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2022 ж. № 3 хаттама

АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ҚАҒИДА

ІҚЕ VIII-10-2022

Әзірлеген: Басқарма мүшесі - академиялық
мәселелер жөніндегі Проректор
Темірбаева А.М.

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 2-беті
---	--	--

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3 Жалпы ережелер	3
4 Академиялық кеңес қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері	4
5 Академиялық кеңестің негізгі міндеттері	5
6 Кеңесті сайлау және оның жұмыс тәртібі	5
7 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	6
8 Қолжетімділікті қамтамасыз ету	6
9 Сақтау	6
10 Талдау және өзектендіру	6
11 Өзгерістер енгізу	7
А қосымшасы Келісу парағы	8
Б қосымшасы Танысу парағы	9

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 3-беті
---	---------------------------------	--

1 Қолдану саласы

Осы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) академиялық Кеңес туралы қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ факультеттерінде оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын ұйымдастыру және бақылау үшін арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылатын академиялық кеңес (бұдан әрі – АК) мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды» (бұдан әрі – Университет).

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

- Университет – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ;
- СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- АК – академиялық кеңес;
- ЖАОК - жаппай ашық онлайн курстар.

3 Жалпы ережелер

3.1 Осы Қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ академиялық кеңесінің (бұдан әрі - АК) мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайды, «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 21.01.2007 ж. № 644 бұйрығына сәйкес әзірленді; «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығы.

3.2 Қағида «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) факультеттерінде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға және жетілдіруге арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылатын АК мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

3.3 АК өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы «Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін, Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен, «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.10.2018 ж. №595 қаулысы)» басшылыққа алады, «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 4-беті
---	--	--

ережелерімен» (ҚР БҒМ 20.04.2011ж. № 152 бұйрығымен бекітілген), нормативтік құжаттармен, университет Жарғысымен және осы Қағидамен реттеледі.

4 Академиялық кеңес қызметінің негізгі бағыттары

АК қызметінің негізгі бағыттары:

4.1. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату және білім беруді ақпараттандыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және бақылау;

4.2. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың ағымдағы үлгеріміне әсерін талдау;

4.3. Білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуді бақылау;

4.4. Бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар контингентін жыл сайын қалыптастыру бойынша жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

4.5. Білім беру процесін оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асыру;

4.6. Өңірлер бойынша және жалпы ел бойынша демографиялық, экономикалық және салалық ахуалды ескере отырып, білім беру процесін перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру;

4.7. Оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және енгізу;

4.8. Ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу және олардың нәтижелерін өндіріске, оқу процесіне енгізу;

4.9. Дайындықтың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

4.10. Оқулықтарды, оқу құралдарын сараптау;

4.11. Нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

4.12. Оқу процесіне оқытудың автоматтандырылған жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық жасақтаманы енгізу және жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК);

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 5-беті
---	--	--

4.13. Инновациялық, жаңа білім беру бағдарламаларын сараптау және енгізу;

4.14. Оқу процесіне виртуалды зертханаларды енгізу;

4.15. Оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

4.16 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарларын және оқу жұмыс бағдарламаларын сараптау;

4.17. Оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

4.18. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, вебинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

4.19. Студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының нысаны мен мазмұнын ұйымдастыру, үйлестіру, талдау;

5 Академиялық кеңестің негізгі міндеттері

Академиялық кеңестің негізгі міндеттері:

5.1 Университетте шығарылатын оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа материалдарды жоспарлау және басып шығаруға ұсыныс;

5.2 Университетте оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;

5.3 Оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;

5.4 Университеттің оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіру;

5.5 Университетте оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды бақылау;

5.6 Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру;

5.7 Білім беруді дамыту және оны іске асырудағы басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5.8 Университет қызметкерлерін аттестациялауға қатысу.

6. Академиялық кеңесті сайлау және оның жұмыс істеу тәртібі

6.1 АҚ құрамына факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комитеттерінің төрағалары, кафедра өкілдері, тәжірибелі әдіскерлер – оқытушылар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және білім берудің барлық

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 6-беті
---	--	--

деңгейлеріндегі білім алушылар кіреді. АҚ құрамы жыл сайын ректордың бұйрығымен бекітіледі.

6.2 Кеңес қызметіне басшылықты Төраға - Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі Проректор жүзеге асырады.

6.3 АҚ төрағасы жылына бір рет АҚ қызметінің нәтижелері туралы университеттің Ғылыми кеңесінің алдында есеп береді.

6.4 Ашық дауыс беру арқылы АҚ мүшелерінің ішінен хатшы сайланады.

6.5 АҚ жұмысы АҚ отырысында қабылданған және ректор бекіткен тиісті кезеңге арналған күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.6 АҚ отырысы ай сайын өткізіледі.

6.7 АҚ отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен АҚ ұсынымдары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Отырыстың хаттамаларына және АҚ шешімдеріне төраға мен АҚ хатшысы қол қояды.

6.8 АҚ, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

6.9 АҚ әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысып, оның жұмысына белсенді қатысып, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және нақты орындауы тиіс.

7 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы Қағиданы Академиялық кеңес бекітеді.

Осы Қағиданы келісу СБӨ-мен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (Б қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты бекіту/келісу күні құжатты енгізу күні болып есептеледі. Құжат бекітілген сәтте күшіне енеді.

8 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы Қағиданы даналарымен қамтамасыз ету сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

9 Сақтау

Осы Қағиданы сақтау ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

10 Талдау және өзектендіру

Осы Қағиданы тексеру, талдау және өзектендіру ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Академиялық Кеңес туралы қағида	ІҚЕ VIII-10-2022 01 нұсқа Күні 2022.11.02 9-беттің 7-беті
---	--	--

11 Өзгерістер енгізу

Осы Қағиданы өзгерістер енгізу ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

